

**№4 «Балбөбек» бөбекжай балабақшасы**



## **Түзету-дамытушылық**

**Әдістеме: «Өз үйіңді тап»**

**Топтың аты: 3-4жас тобы**

**2022-2023 оқу жылы**

## Хаттама №48

**Топтың аты:** 3-4 жас тобы

**Тексерілген күні:** 16.02.2023

**Әдістеме:** «Өз үйінді тап»

**Мақсаты:** Көру арқылы бір заттың түсін екінші затпен салыстыру.

**Құрал-жабдықтар:** ойынға түрлі түсті тулар (әрбірі әр түрлі болу керек), және де сондай түсті дөңгелектер (бала санына байланысты) Дөңгелектерді түрлі түсті қағаздан жасап, оны қатты қағазға жабыстыруға болады. Жыл басында ойын тулармен ойналады. Қосымша қоңыр, сарғыш түстер алынады. Тулар мен дөңгелектердің түсі бірдей болуы керек. Ал артқы жақтары сұр немесе ақ түсте боялады. Ал үйлер жерге немесе еденге созылады. Өйткені, балалар бір бірінің іс-әрекетін бақылауы керек.

### **Ойын барысы:**

Психолог ойынға керек заттар мен құралдарды көрсетеді. Бірақ олар басқа түстес (апельсин, сәбіз, шоколад, қоңыр қолғап). Олардың мағыналарын түсіндірмей әрбір жерге орналастырады және балаларды онымен ойнауды бұйырады. Жерге үлкен төртбұрыш сызылады. (4 үй).

Психолог әртүрлі түсті туларды көрсетіп олардың түсін айтқызады. Содан кейін жаңа түстермен танысу басталады. Оны былай жасауға болады. Қолға апельсин алып, мынау не?-деп баладан сұрауы керек. Оның түсі қандай? Егер балалар жауап бере алмаса тәрбиеші көмектеседі. Үстелдің үстінде осы түске ұқсайтын не бар?- деп сұрайды. (Сәбіз, және ту) және осылай қоңыр түспен де таныстыру жүргізіледі. (Мұнда шоколад, қолғап және ту қолданылады). »Ал, енді ойнайық», деп психолог ұсыныс тастайды. Балалар шеңбер жасап тұрады. Үлкен адам ортасында тұрып әрбіріне қандай да бір түсті туды кигізеді. Ал бала оның түсін атау керек. Балалар шыққан шеңбердегі түстерді рет-ретімен есінде сақтап оны артқы жағын аударады. Енді ережесі түсіндіріледі: дөңгелекті ашып көруге болмайды, өз үйінді тап дегенде кірісіңдер. Психолог 4 баланы тыңдап әр түрлі түсті ту береді.

(Мысалы, біріне қызыл, екіншісіне көк т.с.с.). Осы оқушылар кезкелген төртбұрышқа (үйге) тұрады. » Біздің қалада қандай әдемі үйлер бар» деп, тәрбиеші айтады. Ал сендерде түрлі түсті дөңгелектер бар дейді. Бұл өздерінің дөңгелек түстес үйлерге шақыру. Қане киімімізді жинап жаңа үйлерге көшейік! Психолог көшуге қатысты әр түрлі іс-әрекеттер көрсетеді. Мысалы, бәрі бірлесіп кір жуады, киім тазартады. Оны салады, машинаға жүкті тиеп, өздері рөлге отырады. Бөлмелер ішінде айдайды. « Келдік!» деп, белгі береді. Бәрі тоқтайды, ал оқушылар туларын желпиді, себебі, оның түстері көріну керек.

**Психолог:** «Өз үйінді тап!» дегенде, олар дөңгелектеріне ұқсас түсті көзбен іздеп, тапқан кезде соған барады да, көршісімен амандасады. Ал тәрбиеші мен үй иелері түстер бір-бірін дұрыс тапты ма, соны анықтайды. Туды

жаңадан көшкендерге береді, олар оны алып, шеңбер ішінде жүреді. Ал тудың иелері үйіне қайтып, қолдарын ұстап,  
- Жаңа үй, жаңа үй жаңа үйде тату- тәтті тұрамыз- дейді. Психолог шеңберлерді ауыстырса ойын қайта басталады.

### **Қорытындысы:**

3-4жас ортаңғы тобына «Өз үйінді тап»тақырыбында түзету-дамытушылық жұмыстар жүргізілді.Балалар белсенділікпен қатысты деп айтуға болады.

**Зерттеуші:Педагог-психолог: Елшибекова.А.О**